

№1 хаттама

Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша отырыс

Өтетін орны: Ақсуат ауылы, аудандық мәслихаттың мәжіліс залы

Өткізу күні мен уақыты: 2022 жылғы 19 қыркүйек, сағат 11.00

Қатысушылар саны: 6 адам

Отырыс төрағасы: Ильясов Қанат Назарұлы - Ақсуат аудандық мәслихатының хатшысы.

Отырыс төрағасы:

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Келесі күн тәртібі ұсынылады:

1. Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу бойынша коммерциялық емес қоғамдық ұйымдардан, бастамашыл азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды талқылау;

2. Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелігіне кандидаттарға дауыс беру, оларды бекіту;

3. Жұмыс тобының басшысын сайлау.

4. Қоғамдық ұйымдар өкілдері мен азаматтарды Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру тәртібі мен тәртібі бойынша "Қоғамдық кеңестер туралы" ҚР Заңының нормаларымен таныстыру.

Күн тәртібіне қарсылықтар бола ма? Жоқ.

Дауысқа саламын. Қарсы? жоқ Қалыс қалды? Жоқ

Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

Отырыс төрағасы:

«Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 69 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ережеге сәйкес қоғамдық кеңестерді жұмыс топтары қалыптастырылады.

Осы Үлгі ереженің 13-тармағының негізінде Жергілікті деңгейдегі жұмыс тобының бірінші отырысын мәслихат хатшысы өткізеді.

Жұмыс тобының келесі отырыстарын кейінірек сайланатын жұмыс тобының жетекшісі өткізеді.

Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ережеге сәйкес жұмыс тобының отырыстарына қатысуға үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын дауыс беру құқығы жоқ байқаушылар қатысуына жол беріледі, бірақ байқаушылардан ұсыныс түскен жоқ. Аудан әкімдігінің сайтына, Тарбағатай газетіне ағымдағы жылдың 2-15 қыркүйек күндері аралығында хабарландыру берілген.

Жұмыс тобының құрамы 6 адам болып анықталды.

Жұмыс тобының құрамында мемлекеттік органнан өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспайды. Азаматтық қоғамнан өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды және коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Ақсуат аудандық мәслихаты 2022 жылдың 2 қыркүйегінен 15 қыркүйегі аралығында (15-сін қоса алғанда) мерзімде коммерциялық емес ұйымдардан және азаматтардан жазбаша нысанда жұмыс тобына кандидатуралар бойынша ұсыныстар қабылдады.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2 тармағы негізінде мемлекеттік органнан өкілдікпен осы өкілдіктің дербес құрамын мемлекеттік органның басшысы дербес айқындайды. Мемлекеттік органнан жұмыс тобының құрамына мынадай мемлекеттік қызметшілер енгізілсін:

1. Нұғиев Ғалымжан Жанарбекұлы	Жұмыспен қамту орталығының директоры
2. Оразкенов Бауыржан Ержанұлы	Ақсуат ауданы әкімі аппараты басшысының хатшысы

Күн тәртібінің бірінші мәселесін қарауға көшеміз:

1. Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу бойынша қоғамдық ұйымдардан, бастамашыл азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды талқылау.

Азаматтық қоғамнан өкілдік ету, жоғарыда айтылғандай, жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды және коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптасады.

Жұмыс тобының мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде қажетті құжаттарды қоса бере отырып, мынадай азаматтардан ұсыныстар келіп түсті.

1. Рахымжанов Асембек Сағындықұлы.
2. Оразғалиев Болат Орынтайұлы.
3. Шаймұратов Тимур Шаймұратұлы.
4. Бапанов Ерлан Ермекқалиұлы.

Бір айта кететін жағдай конкурсқа коммерциялық емес ұйымдардан ұсыныстар түскен жоқ.

Отырыс төрағасы:

Кандидатураларды талқылауға және дауыс беру рәсіміне көшеміз. Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ереженің 14 бабына сәйкес азаматтардың ашық дауыс беруі арқылы жұмыс тобының құрамын сайлау қажет болған. Алайда бізде төрт орынға төрт үміткер болғандықтан дауысқа салудың қажеттілігі жоқ деп ойлаймын.

Басқа ұсыныстар барма? Жоқ

Отырыс төрағасы:

Жұмыс тобының мүшелерін сайлау қорытындысы бойынша төмендегі кандидаттар сайланды.

1. Рахымжанов А.
2. Оразғалиев Б.
3. Шаймұратов Т.
4. Бапанов Е.

Отырыс төрағасы:

Құрметті кандидаттар! Мен, сіздерді жұмыс тобының құрамына сайлануларыңызбен құттықтаймын.

Екінші мәселені қарау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамы мынадай құрамда сайланды:

Аты-Жөні	Лауазымы
Нұғиев Ғалымжан Жанарбекұлы	Жұмыспен қамту орталығының директоры
Оразкенов Бауыржан Ержанұлы	Ақсуат ауданы әкімі аппаратының хатшысы
Рахымжанов Асембек Сағындықұлы	Ақсуат ауданының Ардагерлер кеңесінен
Оразғалиев Болат Орынтайұлы	Ақсуат ауданының спорт ардагерлер кеңесінен
Шаймұратов Тимур Шаймұратұлы	«Бархытбел жастары» жастар – патриоттық қоғамдық бірлестігінен
Бапанов Болат Ермекқалиұлы	«Дидар» газетінің тілшісі

Отырыс төрағасы:

Үлгілік ереженің 16-тармағына сәйкес біз азаматтық қоғам өкілдері қатарынан жұмыс тобының басшысын сайлауымыз керек.

Қандай ұсыныстар болады?

(Рахымжанов Асембек Сағындықұлы Нұғиев Ғалымжан Жанарбекұлының кандидатурасын ұсынады)

Басқа ұсыныстар болама? Жоқ.

Дауысқа саламын. Нұғиев Ғалымжан Жанарбекұлының Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі етіп сайлау үшін жақтаушылар? Кім қарсы? Қалыс қалды?

"Жақтап" - 5 адам, "Қарсы" - (0) адам, "қалыс қалғандар" - жоқ.

Ғалымжан Жанарбекұлының Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі болып сайланды.

Отырыс төрағасы:

Күн тәртібінің келесі мәселесін қарауға көшеміз

Қоғамдық кеңестер туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс тобының өкілеттіктеріне Қоғамдық кеңестің сандық құрамын айқындау, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің құрамынан шығып қалған жағдайда кандидаттардың резервтік тізімдерінен кіреді. Біз жаңа кеңестің сандық құрамын анықтауымыз керек.

Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесінің сандық құрамы Қазақстан Республикасының Қоғамдық кеңес туралы Заңының негізінде 11 мүшеден құрылады.

Дауыс берулеріңізді сұраймын. Иә - 6 Қарсы ма? (0) Қалыс қалды ма? Жок. Қабылданады.

Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесінің сандық құрамы 11 мүшеден анықталды.

Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау бойынша конкурс 2022 жылғы 21 қыркүйегінен 4 қазанға дейін жариялансын.

Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамына кіруге ниет білдірген қоғамдық ұйымдардың, құрылымдардың өкілдері мен азаматтардың өкілдері Ақсуат аудандық мәслихатына кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы Коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтінішін; кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтерді; кандидаттың соттылығының болуы / болмауы туралы анықтаманы жолдайды; кандидаттың сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі туралы сот шешімінің болмауын растау; психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмайтындығы туралы анықтамалары болуы қажет.

Жұмыс тобының келесі отырысы қосымша хабарланатын болады.

Отырыс төрағасы



Қ.Ильясов